ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 12 қыркүйек №7119-24-00-2/10803 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 4 «Аружан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір

дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

АК-нің 272 бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273 бабына сай заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Іс материалдарына қарағанда, Астана қаласы әкімдігінің «№ 4 «Аружан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовна арасында жасалған 2024 жылғы 18 маусымдағы №104 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметін 480 000 теңгеге көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен көрсетілген қызмет қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тамақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.2 тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі шарт күшіне енген ~~күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде (18.07.2024 жыл).~~

Документ подписан: Баткалова Г. М., 12.09.2024

Дата вступления в законную силу: 21.10.2024, судья Баткалова Г. М., 11.11.2024

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 25.07.2024 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, бұл хабарламаны соңғы 25.07.2024 жылы оқыған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1 846 теңге мемлекеттік бажды өндіріп алады.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес, Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан, талап қоюшымен Шарттың 7.4. тармағына сәйкес, 19.07.2024 жылдан 25.07.2024 жыл кезеңге 480 000 теңге х 0,1% х 7 күн негізінде 3 360 теңге сомасында тұрақсыздық айыбы есептелген.

Бұл есеп шарттың талаптарына сәйкес келеді және дұрыс болып табылады.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің өз міндеттерін орындамағанын ескере отырып, 3360 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыру қажет деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік бажды төлеуге жұмсалған 101 теңге сот шығындарын өндіріп алады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

Документ подписан: Баткалова Г. М., 12.09.2024

Дата вступления в законную силу: 21.10.2024, судья Баткалова Г. М., 11.11.2024

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 4 «Аружан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовнаға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және өсімпұл соммасын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Абырой» атынан - Алиева Айжан Елеусизовнадан Астана қаласы әкімдігінің «№ 4 «Аружан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 3 360 (үш мың үш жүз алпыс) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 101 (бір жүз бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 12.09.2024

Дата вступления в законную силу: 21.10.2024, судья Баткалова Г. М., 11.11.2024